

Қазақстан Республикасы
Астана қаласы
«AGZHAN» ғылыми-білім
беру орталығы»



Республика Казахстан
город Астана
«Научно-образовательный
центр «AGZHAN»

010000, Астана қ., Ш. Иманбаева қ., 5а ү., каб. 203
+7 708 425 58 09, 8 71 72 25 58 09 (кабылдау бөлімі).
www.agzhanastana.kz agzhanastana
agzhan_astana@mail.ru

010000, г. Астана, ул. Ш. Иманбаева, д. 5а. 203 каб.
+7 708 425 58 09, 8 71 72 25 58 09 (приёмный кабинет).
www.agzhanastana.kz agzhanastana
agzhan_astana@mail.ru

«БЕКІТЕМІН»
«AGZHAN»
ғылыми-білім беру
орталығының» директоры
М.А.Шорманбаева
01.04.2025 ж.



«Тарих сабақтарында сыни ойлауды дамыту технологиясы»
педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Астана қ., 2025 ж.

«Тарих сабақтарында сыни ойлауды дамыту технологиясы» педагог кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы «AGZHAN» ғылыми-білім беру орталығының әдістемелік кеңесінде қаралды: хаттама № 2, 2025ж. «31» наурыз №2 бұйрық.

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер	Ошибка! Закладка не определена.
2. Глоссарий	6
3. Бағдарлама тақырыбы	Ошибка! Закладка не определена.
4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері	12
5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны.....	Ошибка! Закладка не определена.
6. Оқу процесін ұйымдастыру.....	19
7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету	19
8. Оқу нәтижелерін бағалау	21
9. Курстан кейінгі қолдау	24
10. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	26

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы «Тарих сабақтарында сыни ойлауды дамыту технологиясы» педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама): оқу мақсатын, міндеттерін, жоспарланатын нәтижелерін. Курстың құрылымы мен мазмұнын, курсты ұйымдастыру ерекшеліктерін, оқу-әдістемелік қамсыздандырылуын, тыңдаушылардың білімін, біліктері мен дағдыларын бақылау және бағалау рәсімін анықтайды.

1.2 Педагогтерді жаңа сын-тегеуріндер мен талаптарға дайындау, жалпы білім беру сапасын арттыру, тарихты оқытуда сыни ойлауды дамытудың инновациялық әдістемелері мен жаңа тәсілдемелерін қолдануға ұмтылысты ояту осы Бағдарламаның маңызды бағыттары болып табылады.

1.3 Бағдарламаны әзірлеу кезінде келесі негізгі ережелер мен талаптар негізге алынған:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319–III Заңы,

- «Педагогтың мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 219 жылғы 27 желтоқсандағы № 293–VI ҚРЗ Заңы.

- Қазақстан Республикасы Ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы бұйрығымен бекітілген №500 «Педагог» кәсіптік стандарты.

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 Қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы».

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № бұйрығы

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығымен бекітілген «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары»

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығымен бекітілген «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары».

1.4 Бағдарламаның өзектілігі және оның жалпымемлекеттік басымдықтармен және әлемдік трендтермен байланысын мыналар құрайды:

1) Қазақстандағы Білімді дамыту тұжырымдамасына сәйкестік. Қазіргі кезеңде Қазақстан өз білім беру жүйесін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында белгіленген міндеттерге сәйкес белсенді түрде реформалауда. Орта білімде білім берудің 21 ғасырдың білім алушыларына қажетті білімдерді, дағдыларды, біліктерді, тәсілдемелер мен құндылықтарды көрсететін мазмұнын жетілдіру қажеттігі сияқты проблемалар өз шешімін талап етіп отыр. Осы Бағдарлама осы басымдыққа толықтай сай келіп отыр, себебі ол педагогтердің біліктілігін арттыруға бағытталған, бұл өз кезегінде білім берудің мазмұнын жетілдіруге және білім алушыларды сапалы дайындауға жағдай жасайды. Тарих сабақтарында сыни ойлауды дамыту технологиясы ақпаратты сыни талдауға, негізді шешімдерді қабылдауға және қоғамның өміріне белсенді қатысуға қабілетті шәкірттерді дайындауға мүмкіндік береді.

2) Адами капиталды дамытуға қосатын үлес. Қазақстанды дамытудың стратегиялық бағыттарының бірі білім мен инновацияларға негізделен қоғамды құру болып табылады, бұл адами капиталды дамытуға инвестиция салуды талап етеді. Бағдарлама педагогтерді білім алушылардың сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру үшін қажетті құралдармен және әдістермен қамтамасыз ете отырып, осы мақсатқа жетуге жағдай жасайды. Осы дағдылар академиялық жетістікке жету үшін де, олардың болашақ кәсіптік қызметі үшін де маңызды. Ақпаратты талдау, бағалау және түсіндіру қабілеті қазіргі еңбек нарығында бәсекеге қабілетті маңызды артықшылыққа айналады.

3) Мәдениетаралық диалог пен төзімділік идеяларын қолдау. Көпұлтты және көпконфессионалдық мемлекет болып табылатын Қазақстан мәдениетаралық диалогты дамытуға көп көңіл бөледі. Білім алушылардың сыни ойлауын тарих призмасы арқылы дамыту олардың әртүрлі мәдениеттерге құрметін қалыптастыруға жағдай жасайды, бұл қоғамның тұрақтылығын нығайтып, ұлттың бірігуіне жағдай жасайды.

4) Білім беруде әлемдік трендтерге сай болу. Әлемдік білім беру тәжірибесінде білім алушыларда «soft skills» деп аталатын қабілетті дамытуға тұрақты тренд байқалып отыр, олардың ішінде сыни ойлау басты орындардың бірінде тұр. Орасан зор ақпаратқа оңай қол жеткізуге болатын қазіргі қоғамның жаһандану және цифрландыру заманында осы ақпаратты сыни қабылдау, талдау және пайдалану қабілеті қажетті дағдыға айналды. Бағдарлама педагогтерге ең үздік әлемдік тәжірибелерге негізделген заманауи әдістемелер мен тәсілдерді ұсына отырып, осы сын-тегеурінге сай келеді. Бұл қазақстандық білім алушыларға халықаралық алаңда бәсекеге қабілетті болуға, ал еліміздің білім беру жүйесіне – халықаралық стандарттарға сай болуға мүмкіндік береді.

Бағдарламаның ұлттық деңгейде де, ғаламдық деңгейде де өзектілігі жоғары болып табылады. Ол Қазақстанның білім беру саласындағы стратегиялық мақсаттарға жетуіне бағытталған, адами капитал мен ұлттық бірліктің дамуына қолдау көрсетеді, және әлемдік білім беру трендтеріне сай болып табылады.

1.5 Осы білім беру бағдарламасы:

- педагогтерді оқу нәтижелеріне бағдарлана отырып дайындау мазмұнына;
- педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға;
- оқу процесін ұйымдастыруға және жүзеге асыру формаларына;
- біліктілікті арттыру курстарын арттыру шеңберінде педагогтерді аралық және қорытынды аттестаттауға қойылатын талаптарды анықтайды.

1.6 «Тарих сабақтарында сыни ойлауды дамыту технологиясы» білім беру бағдарламасының біліктілікті арттыру курстарының ұзақтығы 108 академиялық сағат.

2. Глоссарий

2.1 Осы курстың бағдарламасында мына терминдер қамтылған:

<i>Терминдер</i>	<i>Анықтамасы</i>
Білім беру сапасы	білім беру қызметі тиімділігінің кешенді сипаттамасы, сондай-ақ білім алушы мен тәрбиеленуші даярлығының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына, жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктеріне сәйкестігі
Сыни ойлау	бұл ақпаратты талдау, оның деректілігін тексеру және осы ақпараттың негізінде дұрыс, негізді ой тұжырымдарын қалыптастыру өнері; ақыл-ойдың ашықтығын, оқу, күрделі, бейстандартты мәселелерді шешу және жаңа білімдер мен дағдыларды меңгері қабілетін білдіреді.
Педагогикадағы құзыреттілік	Ғылыми білімдердің салалық ғылыми білімдерге саралануы дамып келе жатқан жағдайда белгілі бір қызмет түрін (бұл жағдайда педагогикалық) жүзеге асырудың жасампаздық қабілеті, педагогтың білім алушыларды өздерін танытуға сәтті дайындауға баса көңіл аударылады.
Коммуникация	(лат. communicatio-хабарлама, жіберу) мазмұны бір тілдік қоғамдастық мүшелерінің арасында өзара түсіністік пен өзара

	әрекеттестікке жету үшін ақпарат алмасу болып табылатын белгілі бір қызмет түрі.
Ойлау	Объективті шынайылықты түсініктерде, пайымдауларда, ойда көрсету процесін білдіретін адамның пайымдау қабілеті
Білім беру	имандылық, зияткерлік, мәдени, тәндік жағынан дамыту және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсаттарында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқытудың үзіліссіз процесі
Оқыту	білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білімдерді, машықтарды, дағдыларды және құзыреттерді иелену, қабілеттерді дамыту, білімдерін күнделікті өмірде қолдану тәжірибесін иелену және бүкіл өмір бойы білім алуға ынталануын қалыптастыру жөніндегі қызметін ұйымдастырудың мақсатты бағытталған процесі
Білім беру бағдарламасы	оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені
Білім беру қызметі	білім беру субъектілерінің мақсатты, педагогтік негізделген, дәйекті өзара іс-қимылы барысында жеке адамды оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттері шешілетін процесс;
Білім беру мониторингі	білім беру процестерін жүзеге асырудың жай-күйін және нәтижелері мен шарттары өзгеруінің серпінін, білім алушылар контингентін, білім беру ұйымдары желісін, сондай-ақ олардың қызметі жетістіктерінің рейтингілік көрсеткіштерін жүйелі түрде байқау, талдау, бағалау және болжау
Жалпы білім беретін мектеп	білім алушылар мен тәрбиеленушілерге мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту бағдарламаларын, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, арнаулы оқу мен жеке дамыту бағдарламаларын, сондай-ақ қосымша

	білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы
Педагог	педагогтік немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам
Педагогтың кәсіби құзыреттілігі	бұл педагогтың кәсіби проблемаларды, міндеттерді кәсіби қызмет жағдайында шешу қабілеті. Бұл еңбектің нәтижелілігі мен тиімділігін анықтайтын білімдер мен ептіліктер жиынтығы. Бұл жеке және кәсіби қасиеттердің үйлесімі
Педагогтың кәсіби білімдері	білім беру, мәдени құндылықтар және оқыту теориясы саласындағы стратегиялық құжаттарды білуінің негізінде сапалы оқытудың педагогикалық тәсілдемесін түсінеді
Педагогтың кәсіби дамуы	өз кәсіби өсуін басқарады және тиімді педагогикалық қызмет үшін құзыреттіліктерін дамытады
Педагогтердің біліктілігін арттыру	Жаңа кәсіби білімдерді меңгеруге, сондай-ақ бұрын меңгерілген кәсіби білімдерді, ептіліктерді, дағдыларды және құзыреттіліктерді оқу және сабақ беру сапасын арттыру үшін қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіби оқыту нысаны
Педагог қызметін курстан кейін қолда	педагогтің кәсіптік құзыреттілігін оның курстан кейінгі қызметін үздіксіз мониторингтеу және әдістемелік, консультациялық көмек көрсету арқылы дамытуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесі
Оқыту нәтижелері	білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеру бойынша алған, көрсететін білімінің, машықтарының, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қарым-қатынастар

3. Бағдарлама тақырыбы

3.1 Осы бағдарламаның жаңалығын бірқатар негізгі аспектілер кұрайды:

✓ Осы білім беру бағдарламасы цифрлық технологияларды қолдана отырып заманауи педагогикалық тәсілдемені біріктіру арқылы тарихты оқытуға жаңа көзқарасын ұсынады. Дәстүрлі оқыту әдістері көбінесе деректер мен күндерді есте сақтауға назар аудартады, Бағдарлама интерактивті платформалар, виртуалдық экскурсиялар және деректерді талдау сияқты заманауи цифрлық құралдарды пайдалана отырып, тарихи дереккөздерді сыни талдау дағдыларын дамытуға басты көңіл бөледі. Бұл оқытуды анағұрлым интерактивті және цифрлық буынның сұрауларына сай етуге мүмкіндік береді.

✓ Сыни ойлауды дамытудың пәнаралық тәсілдемесі. Бұл бағдарламаның басты ерекшеліктерінің бірі тарихты жаһандық құзыреттіліктер, әдебиет сияқты басқа пәндік салалармен байланыстыратын пәнаралық тәсілдеме болып табылады. Бұл білім алушыларда әртүрлі білім салаларынан алынған ақпаратты салыстыру және талдау арқылы сыни ойлауға қабілетін дамытуға жағдай жасайды, бұл педагогикалық практикада жаңашыл тәсіл болып табылады.

✓ Оқытудың инновациялық әдістемелері. Бағдарлама сыни ойлауды дамытуға бағдарланған оқытудың инновациялық әдістемелерін қамтиды. Бұл проблемалық оқыту, зерттеу арқылы оқыту, пікірталастар және кейстерді талдау сияқты әдістемелер. Бұл әдістемелер педагогтерге дәстүрлі лекциялық форматтың сыртына шығуға және білім алушыларды оқу материалын белсенді талқылауға және сыни пайымдауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл білім алушыларға жаңа материалды оңай меңгеруге, өз беінше іздестіру және ақпаратты талдау дағдыларын дамытуға көмектеседі, және бұл қазіргі қоғамда өмірге дайындаудың маңызды элементі болып табылады.

✓ Бейімділік және оқытуды дараландыру. Бағдарлама сондай-ақ оқытушыларға әр білім алушының қажеттіліктері мен қабілеттеріне байланысты білім беру процесін дараландыруға мүмкіндік беретін бейімді оқыту элементтерін қамтиды. Цифрлық құралдар мен бағалаудың ең соңғы үлгідегі әдістемелерді қолдана отырып, педагогтер оқыту мазмұны мен әдістерін білім алушылардың дайындық деңгейі мен мүдделеріне барынша дәл үндестіре алады. Бұл жаңа әдістеме оқытуды анағұрлым тиімді әрі нәтижелерге тәжірибелік бағдарланған әдістемеге айналдыруға мүмкіндік береді, және онымен бастапқы деңгейіне қарамастан барлық санаттағы білім алушылардың сыни ойлауын дамытуға жағдай жасайды.

Бағдарламаның жаңалығы оның заманауи педагогикалық тәсілдемелерді интеграциялауында, пәнаралығында, инновациялық әдістемелерінде, сондай-ақ оқытудың бейімділігі мен даралануында. Бұл жаңалықтар бағдарламаның заманауи білім беру талаптары мен сын-тегеуріндерінің мәнмәтініндегі өзектілігі мен жоғары сұранысқа ие болуын қамтамасыз етеді, соның арқасында оқыту сапасының артуына және білім алушылардың сыни ойлау қабілетінің дамуына жағдай жасайды.

3.2 Бағдарламаның бірнеше маңызды себептермен Қазақстанда баламасы жоқ:

✓ Пәнаралық тәсілдеме мен сыни ойлауға ерекше көңіл бөлудің бірегей үйлесімі. Бағдарлама әртүрлі пәндер мен сыни ойлауды дамытуды біріктіруге баса назар аударады. Мұндай тәсілдеме Қазақстанның білім беру жүйесі үшін бірегей болып табылады.

✓ Әдістемелердің инновациялылығы және цифрлық технологияларды қолдану. Бағдарлама проблемалық оқыту, кейстерді талдау, пікірталастар және белсенді оқытудың басқа да әдістері сияқты заманауи педагогикалық әдістемелерді енгізеді. Бағдарлама сабақ оқытуды қазіргі заманғы ақпараттық қоғамның талаптарына бейімдеуге мүмкіндік беретін цифрлық құралдарды меңгеру және енгізу бойынша бірегей мүмкіндіктерді ұсынады.

✓ Педагогтерді кәсіби дайындаудағы жаңашылдық. Бағдарлама педагог кадрларды кәсіби дайындаудағы инновациялық қадам болып табылады. Ол тек білімдерді жаңартуды ғана емес, сыни ойлай алатын және жан-жақты дамыған білім алушыларды оқытуға қабілетті педагогтерді дайындау мақсатымен оқыту тәсілдемелерін толық қайта құруды ұсынады. Бойдағы дағдыларды жетілдіруді ұсынатын дәстүрлі курстарға қарағанда бұл бағдарлама қарқынды өзгеріп жатқан жағдайда нәтижелі оқыту үшін қажетті жаңа құзыреттіліктерді құруға бағытталған.

Қазақстанда бұл Бағдарламаның баламасының болмауы оның бірегейлігі мен инновациялық сипатын ерекше көрсетіп отыр. Бағдарлама көптеген педагогтерге бұрын қолданыстағы біліктілікті арттыру курстарының шеңберінде қолжетімді болмаған құралдар мен тәсілдерді ұсынады және білім беру жүйесінде сыни ойлауды және пәнаралық тәсілдемені дамыту үшін жаңа перспективаларды ашады.

3.3 Бағдарлама тақырыптамасының модульдер мен тақырыптардың атаулары түріндегі мазмұны 1-кестеде келтірілген. Бұл модульдер мен тақырыптар педагогтерге өздерінің сыни ойлау саласындағы білімдерін тереңдетуге және оларды білім беру саласы мен білім алушылардың оқудағы жетістіктерін арттыра отырып, тарихты оқытуға енгізуге көмектеседі.

Таблица 1-кесте. «Тарих сабақтарында сыни ойлауды дамыту технологиясы» біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасының мазмұны.

<i>Модульдердің атауы</i>	<i>Тақырыптардың атаулары</i>
<p>1-модуль: Қоғамдық сананы жаңарту жағдайында тарихты оқытудың негізгі мақсаттары мен міндеттері.</p> <p><i>Мақсаты: білім алушылардың жаңа тәжірибені өз бетінше</i></p>	<p>1. Қоғамдық сана ұғымы. Қоғамның қазіргі даму кезеңінің сипаттамасы.</p> <p>2. Қоғамдық сананы түрлендіру: түсінігі және мәні. Қоғамдық сананы жаңарту қажеттігі.</p> <p>3. Тарихилық түсінігі. Өскелең ұрпақтың бойында тарихилықты тәрбиелеу қажеттігі.</p> <p>4. Ашықтық, икемділік, ұстанымның ішкі көпмағыналылығын, шешімдердің баламалылығын түсіну тән болып табылатын ойлаудың жаңа стилін қалыптастыру.</p>

<p><i>меңгеру мүмкіндіктерін дамыту, жаңа білімдерді, іс-қимыл тәсілдерін тудыру.</i></p>	<p>5. Тұлғаның негізгі қасиеттерін: сыни ойлауын, қатысымдылығын, креативтілігін, жинақтылығын тәрбиелеу.</p>
<p>2-модуль: Сыни ойлау және оның білім берудегі рөлін түсіну <i>Мақсаты: Тарих сабақтарында білім алушылардың сыни ойлауын дамытуға жағдай жасайтын инновациялық әдістемелер мен технологияларды меңгеру.</i></p>	<p>1. Сыни ойлау түсінігі және мәні. Сыни ойлаудың пайда болу тарихы. 2. Сыни ойлау әдісін білім беру процесіне енгізу қажеттігінің пайда болу себептері. 3. Сыни ойлаудың тұлғаны қалыптастырудағы рөлі. Сыни ойлаудың білім беру процесіндегі маңызы. 4. Сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру процесі. Сыни ойлауды дамытудың заманауи тәсілдері. 5. Сыни ойлаудың өмірлік дағдылар мен академиялық үлгерімге әсері. Сыни ойлаудың әртүрлі оқу пәндерінде қолданудың ерекшеліктері.</p>
<p>3-модуль: Сыни ойлаудың дамытуға бағытталған оқу материалдарын әзірлеу. <i>Мақсаты: педагогтерге оқу материалдары мен тапсырмаларын білім алушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуға бағыттай отырып құруды үйрету.</i></p>	<p>1. Сыни ойлауды дамытуға арналған оқу материалдарының түрлері мен мақсаттарын анықтау. Бекітілген білім беру бағдарламасын зерделеу. 2. Сыни ойлауды дамытуға бағытталған оқу материалдарының мазмұны және құрылымы. 3. Тарихи мәтіндерді бағалау және талдау: сыни ойлау дағдыларын дамыту. Мәтіндерді талдау және интерпретациялау әдістемелері. 4. Түсіндіруге арналған лайықты материалдарды сауатты жүйелендіру, қисындылығы мен реттілігін сақтау. 5. Пікірталас кейстерін құру: өз бетінше және шығармашылық ойлауды дамыту. Сабақтарда пайдалануға арналған кейстердің мысалдары. Сыни ойлауды дамытуға арналған кейстерді талдау және талқылау стратегиялары.</p>
<p>4-модуль: Рефлексік ойлау: мұқият салмақтау, бағалау және таңдау. <i>Мақсаты: Білім алушылардың рефлексік және сыни ойлауының дамуын бағалаудың және мониторингтеудің тиімді әдістерін әзірлеу және енгізу</i></p>	<p>1. Рефлексия – ойлаудың ерекше түрі. Бұл жаңа ақпаратты иемденген ақпаратқа түрлендіру болып табылады. Өз білімін меңгеру. 2. Жаңа ақпаратты меңгерілген білімдермен және тәжірибемен салыстыру. Бағалаудың дәстүрлі және инновациялық әдістері. 3. Рефлексік бағалау үшін критерийлерді пайдалану. Рефлексік дамытудағы өрлеуді мониторингтеу. Өрлеуді мониторингтеу мен талдаудың әдістемелері. 3. Рефлексік және сыни ойлаудың өзара байланысты. Рефлексік және сыни ойлау дағдыларын жақсарту үшін кері байланысты пайдалану. 4. Іс жүзінде пайдалану: тарих сабақтары үшін рефлексік және сыни ойлауды бағалау жүйелерін әзірлеу. 5. Бағалау жүйесін әзірлеу және енгізу. Бағалау құралдарының мысалдары. Шет мемлекеттердің оқу</p>

	орындарында қолданылатын бағалаудың заманауи әдістері.
<p>5-модуль: Тәжірибемен алмасудан біліктіліктің өсуіне дейін. <i>Мақсаты: алынған білімді тәжірибелік қызмет, тәжірибемен алмасу және рефлексия арқылы бекіту.</i></p>	<p>1. Сыни ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған. Оқу сабағын әзірлеу. 2. Сабақ кезеңдерін сыни ойлауды дамытуға баса назар аудара отырып құру. 3. Оқу жоспарларын бірлесіп әзірлеу және талқылау. Әзірленген оқу материалдарын презентациялау және талқылау. Оқу материалдары мен сабақтарын презентациялау. 4. Ұсынылған материалдарды жеке және топтық талқылау және сыни бағалау. Рефлексия және қатысушылардың арасында тәжірибе алмасу. Алынған тәжірибені және енгізу нәтижелерін талқылау. 5. Алынған білімдерін алдағы педагогикалық қызметінің барысында қолдану жоспарын әзірлеу.</p>

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

4.1 Бағдарламаның мақсаты төмендегілер болып табылады:

- ✓ педагогтердің тарихты оқыту барысында білім алушылардың сыни ойлауын дамыту үшін қажетті құзыреттіліктерін қалыптастыру;
- ✓ білім беруде құзыреттілік тәсілдемеге бағдарланған заманауи әдіс-тәсілдерді енгізе отырып, тарих педагогтерін кәсіби дайындау деңгейін арттыру;
- ✓ тыңдаушылардың этикалық қағидаттар мен этикет нормаларын білім беру қызметінде қолдану дағдыларын жетілдіру;
- ✓ тыңдаушыларға сыни ойлауды және білім алушылардың талдау дағдыларын дамыту үшін инновациялық оқыту әдістемелерін үйрету;
- ✓ тыңдаушыларға мәдени алуан түрлілікке төзімділікпен және құрметпен қарауды үйрету;
- ✓ Бағдарламаға қатысушылардың жеке кәсіби дамуын қолдау.

Бұл мақсаттар педагогтерді жан-жақты дамытуға, білім беру сапасын жақсартуға, қауіпсіз және төзімді оқу ортасын құруға, сондай-ақ сыни ойлау қабілеті жоғары жауапты азаматтарды тәрбиелеуге бағытталған.

4.2 Бағдарламаның міндеттері:

1) Педагогтерге сыни ойлауды дамытудың заманауи әдістері мен технологияларды үйрету. Бұл – проблемалық оқыту, пікірталастыру, кейстерді талдау әдістемелерін және белсенді ойлауға себеп болатын басқа тәсілдемелерді меңгеру және енгізу; ақпаратты талдау, синтездеу және сыни бағалау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тәжірибе сабақтарын әзірлеу.

2) Білім алушылардың тұтас дүниетанымы мен оқып жатқан пәндердің әртүрлі аспектілерін сыни қабылдауын қалыптастыру үшін педагогтерге тарихи мәнмәтінді әдебиет, оқытудың пәнаралық тәсілдемесінің дағдыларын дамыту сияқты басқа пәндермен біріктіру әдістерін үйрету.

3) Жобалау қызметінің әдістерін және оны оқу процесіне интеграциялауды үйрету; цифрлық құралдармен және ресурстармен жұмыс істеу ептілігін дамыту; педагогтерді көптілді және мультимәдениетті білім беру ортасы жағдайларында жұмыс істеуге дайындау.

4) Әр білім алушының жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік беретін бейімді оқыту әдістерін игеруге мүмкіндік беру; дайындық деңгейлері әртүрлі білім алушылардың сыни ойлауын тиімді дамыту үшін дифференциалды тапсырмалар мен бағалау құралдарын әзірлеу және пайдалану; білім алушылардың ынтасын және оқу процесіне жұмылдырылуын арттыру үшін жеке оқыту технологияларын қолдану.

5) мәдени алуан түрлілікке, адам құқықтарына төзімділікпен және құрметпен қарауды үйрету, педагогтерді мәдениетаралық қатынасуға дайындау.

4.3 Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:

1) Педагогтердің тарихты оқыту саласындағы біліктілігін арттыру: педагогтер білім алушылардың сыни ойлауын дамыту үшін заманауи әдістемелер мен технологияларды тиімді қолдана алады; педагогтердің пәнаралық тәсілдемелерді өз оқу процесіне интеграциялауды үйренуінің нәтижесінде білім алушылардың жұмылдырылу және үлгерім деңгейі жоғарылайды.

2) Мәдениетаралық түсіністік пен төзімділікті нығайту: педагогтер мен білім алушылардың арасында мәдени алуан түрлілікке төзімділік және құрмет деңгейін арттыру; білім беру ортасында тиімді мәдениетаралық қатынасу; адам құқықтарына құрметпен қарауға тәрбиелеу.

3) Тарихты оқыту сапасын жақсарту: ақпаратты сыни қабылдау деңгейінің жоғарылауы білім алушылардың ақпараттық қоғамға табысты интеграциялануына жағдай жасайды.

4) Мәдени алуан-түрлілікке төзімділікпен және құрметпен қарауын қалыптастыру: педагогтер мәдени алуан түрлілікке құрмет көрсетілетін және бағаланатын инклюзивті оқу ортасын құруға мүмкіндік беретін әдістемелерді меңгереді; мұндай әдістемелер бойынша білім алған білім алушылар қоғамның анағұрлым төзімді және әлеуметтік жауапкершілігі мол мүшелеріне айналады.

5) Оқытуға бейімді және жеке тәсілдемелерді енгізу: педагогтер білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыруға анағұрлым икемді әрі тиімді қарай алады; білім алушылардың тарихты оқуға ынтасы мен қызығушылығы пайда болады, соның арқасында олардың академиялық үлгеріміне және маңызды когнитивтік дағдыларының дамуына қол жеткізіледі.

Бағдарлама білім алушылардың қазіргі әлемде өмір сүру үшін қажетті сыни ойлаудың жоғары деңгейіне ие болу сияқты негізгі құзыреттіліктерін дамытуға баса назар аудара отырып, педагогтердің біліктілігін жан-жақты арттыруға бағытталған. Бағдарлама инновациялық тәсілдемелер мен технологияларды енгізуге бағытталған, бұл педагогтерге цифрлық дәуірдің сын-тегеуріндеріне

тиімді жауап қайтаруға және білім алушылардың жетістігі мол болашаққа дайындауға мүмкіндік береді.

4.4 Бағдарламаның тәжірибелік маңызын педагогтердің кәсібилік деңгейін арттыру, білім беру сапасын жақсарту және анағұрлым қауіпсіз, инклюзивті және инновациялық білім беру ортасын құру құрайды.

Бұл курс педагогтерге олардың кәсіби дағдылары мен құзыреттіліктерін жетілдіру құралдарын ұсынады:

Бағдарлама тарих пәні педагогтеріна сабақ оқыту сапасын айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді жаңа әдістемелер мен құралдарды ұсынады. Педагогтер сыни ойлауды оқу процесіне интеграциялай алады, бұл сабақтарды анағұрлым интерактивті әрі мазмұнды етуге мүмкіндік береді. Бұл өзгерістер білім беру процесінің тиімділігін арттырады және педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жоғарылатады, бұл өз кезегінде олардың мансабына және кәсіби қоғамдастықтағы мәртебесіне оң әсерін тигізеді.

Бағдарламаны енгізудің басты нәтижелерінің бірі білім алушылардың сыни ойлау қабілетін дамыту болады. Іс жүзінде бұл білім алушылардың тарихи оқиғаларды талдауды, ақпаратты сыни қабылдауды, деректерді пікірлерден ажыратуды, сондай-ақ өз пікірін дәлелдеуді үйренетінін білдіреді. Бұл дағдылар білім алушыларға мектеп бағдарламасын нәтижелі оқуды үйретіп қана қоймай, оларды жоғарғы оқу орындарында әрі қарай оқуға және сыни ойлау табысқа жетудің маңызды шарты болып табылатын қазіргі қоғамда өмір сүруге көмектеседі.

Бағдарламаның пәнаралық тәсілдемелер мен цифрлық технологияларды оқу процесіне интеграциялау тұрғысынан тәжірибелік маңыздылығы бар. Педагогтердің интерактивті платформалар, білім беретін қосымшалар және мультимедиялық ресурстар сияқты цифрлық құралдарды пайдалануды үйренуі оқуды білім алушылар үшін анағұрлым өзекті әрі қызықты етеді. Пәнаралық жобалар білім алушыларға әртүрлі пәндердің арасындағы байланысты көруге мүмкіндік береді, бұл материалдық тереңірек түсінуге және жүйелі ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Бағдарламаның әртүрлі мәдени, тарихи мәнмәтіндермен соқтығысатын жаһандық өмірде өмір сүруге білім алушыларды дайындау үшін пратикалық маңызы зор. Педагогтер білім алушыларға жаһандық үдерістерді сыни тұрғыдан түсінуді және мәдени айырмашылықтарды ажырата білуді үйрете отырып, оларды халықаралық ортада өзара әрекеттесуге тиімді дайындай алады. Бұл қазақстандық түлектердің халықаралық аренадағы бәсекеге қабілеттілігін арттыра түседі, бұл жаһандану және халықаралық мобильділік жағдайында әсіресе маңызды болып отыр.

Сыни ойлауды дамытуға бағытталған әдістерді пайдалану оқу процесін білім алушылар үшін әсерлі әрі мағыналы етеді. Іс жүзінде бұл оқуға деген ынтаны арттыруға алып келеді, бұл сабақта білім алушылардың белсенді қатысуынан, үлгерімінің жоғарылуынан және жалпы білім беру нәтижелерінің жақсаруынан байқалады.

Бағдарламаның тәжірибелік маңыздылығы зор. Ол педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, оқыту сапасын жақсартуға, білім алушылардың сыни ойлауын дамытуға, заманауи технологиялар мен әдістерді интеграциялауға бағытталған. Осы аспектілердің барлығы білім алушылардың қазіргі әлімде өмір сүруіне және Қазақстандағы білім беру деңгейінің жоғарылауына жағдай жасайды.

4.5 Оқу нәтижелерінің педагогтердің жұмыс тәжірибесіне әсері:

✓ Бағдарлама бойынша оқыту нәтижелері педагогтердің әдістемелік тәжірибесіне тікелей әсер етеді. Жаңа тәсілдер мен әдістерді меңгерген педагогтер проблемалық оқыту, кейстерді талдау және пәнаралық жобалар сияқты инновациялық педагогикалық әдістерді енгізеді, бұл сабақтардың тиімділігін айтарлықтай арттырады. Бұл білім алушылар оқу процесіне белсенді қатысатын және сыни ойлау дағдыларын дамытатын неғұрлым серпінді және интерактивті білім беру ортасын құруға мүмкіндік береді

✓ Бағдарламаның негізгі нәтижелерінің бірі педагогтерде білім алушылардың сыни ойлауын тиімді дамыту қабілетін дамыту болып табылады. Тарихты оқытуда жаңа әдістер мен тәсілдерді қолдану білім алушыларға ақпаратты жақсырақ талдауға және түсіндіруге, деректерді пікірлерден ажыратуға, сондай-ақ өздерінің дәлелді пайымдауларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл жалпы білім деңгейінің жоғарылауына және білім беру процесінің сапасын жақсартуға алып келеді.

✓ Бұл бағдарлама педагогтердің кәсіби құзыреттілігін едәуір арттыруға ықпал етеді. Педагогтер өздерінің педагогикалық тәжірибесіне сенімді бола бастайды, жаңа білім мен дағдыларға ие болады, бұл оларға қазіргі білім беру ортасының қиындықтарымен тиімді күресуге мүмкіндік береді.

✓ Бағдарлама бойынша оқыту педагогтерге осы ресурстарды оқу процесіне біріктіруге мүмкіндік беретін заманауи цифрлық технологиялар мен білім беру құралдарын игеруді қамтиды. Цифрлық платформаларды, білім беру қолданбаларын және интерактивті ресурстарды пайдалану білім алушылар үшін оқуды өзекті және қызықты етеді. Педагогтер өз сабақтарына жаңа технологияларды енгізе алады, бұл олардың тартымдылығы мен тиімділігін арттырады

✓ Сыни тұрғыдан ойлауды дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдерді енгізу білім алушылардың оқу-тәрбие үрдісіне ынтасын арттыруға білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын оятатын, оқу үлгерімі мен оқуға деген көзқарасын арттыратын тапсырмалар мен жобалар жасай алады. Бұл да білім алушылардың сабаққа, сыныптан тыс жұмыстарға белсенді қатысуына ықпал етеді.

✓ Бағдарламаның оқыту нәтижелері пәнаралық және сыни көзқарастарды біріктіретін инновациялық білім беру жобаларын әзірлеуге және енгізуге ықпал етеді. Педагогтер тарихты басқа пәндермен және нақты өмірлік жағдайлармен байланыстыратын оқу жобаларын жасай алады, бұл студенттер үшін оқуды тәжірибелік және мағыналы етеді.

Бағдарламаның оқыту нәтижелері педагогтердің тәжірибелік жұмысына айтарлықтай әсер етеді. Оқыту әдістерін жетілдіру, студенттердің сыни тұрғыдан ойлауын дамыту, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, заманауи технологияларды интеграциялау, инклюзивті оқыту ортасын құру және білім алушылардың ынтасын арттыру – осының барлығы оқу процесінде айтарлықтай оң өзгерістерге әкеледі.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

5.1 Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны белгіленген мақсаттарға, міндеттерге және оқытудың күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған.

5.2 Бағдарлама педагогтерге тарихты оқытуда сыни тұрғыдан ойлауды табысты дамыту үшін кешенді дайындықты қамтамасыз ететін өзара байланысты 5 модульден тұрады.

5.3 Бағдарлама құрылымы курстың оқу жоспарында берілген (2-кесте). Бұл оқу бағдарламасы тарихты оқытуда сыни тұрғыдан ойлауды тереңдетіп оқытудың негізін қалайды және педагогтерге осы дағдыларды сабақта тиімді қолдану үшін білім мен құралдарды ұсынады.

1-кесте. Курстардың оқу-тақырыптың жоспары (108 сағ.)

№	Тақырып	Сағаттар саны				Барлығы
		лекциялар	тәжірибе сабақтары	жобаларды қорғау	мастер кластар	
1-модуль: Қоғамдық сананы жаңарту жағдайында тарихты оқытудың негізгі мақсаттары мен міндеттері.						
1.1	Қоғамдық сана ұғымы. Қоғамның қазіргі даму кезеңінің сипаттамасы.	2	1			3
1.2	Қоғамдық сананы түрлендіру: түсінігі және мәні. Қоғамдық сананы жаңарту қажеттігі.	2	1		1	4
1.3	Тарихилық түсінігі. Өскелең ұрпақтың бойында тарихилықты тәрбиелеу қажеттігі.	2	1	1		4
1.4	Ашықтық, икемділік, ұстанымның ішкі көпмағыналылығын, шешімдердің баламалылығын түсіну тән болып табылатын ойлаудың жаңа стилін қалыптастыру.	2	1		1	4
1.5	Тұлғаның негізгі қасиеттерін: сыни ойлауын, қатысымдылығын, креативтілігін, жинақтылығын тәрбиелеу.	2	1	1		4

2-модуль: Сыни ойлау және оның білім берудегі рөлін түсіну						
2.1	Сыни ойлау түсінігі және мәні. Сыни ойлаудың пайда болу тарихы.	2	1			3
2.2	Сыни ойлау әдісін білім беру процесіне енгізу қажеттігінің пайда болу себептері.	2	1	1		4
2.3	Сыни ойлаудың тұлғаны қалыптастырудағы рөлі. Сыни ойлаудың білім беру процесіндегі маңызы.	2	1		1	4
2.4	Сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру процесі. Сыни ойлауды дамытудың заманауи тәсілдері.	2	1		1	4
2.5	Сыни ойлаудың өмірлік дағдылар мен академиялық үлгерімге әсері. Сыни ойлаудың әртүрлі оқу пәндерінде қолданудың ерекшеліктері.	2	1	1		4
3-модуль: Сыни ойлаудың дамытуға бағытталған оқу материалдарын әзірлеу.						
3.1	Сыни ойлауды дамытуға арналған оқу материалдарының түрлері мен мақсаттарын анықтау. Бекітілген білім беру бағдарламасын зерделеу.	2	1			3
3.2	Сыни ойлауды дамытуға бағытталған оқу материалдарының мазмұны және құрылымы.	2	1	1		4
3.3	Тарихи мәтіндерді бағалау және талдау: сыни ойлау дағдыларын дамыту. Мәтіндерді талдау және интерпретациялау әдістемелері.	2	1		1	4
3.4	Түсіндіруге арналған лайықты материалдарды сауатты жүйелендіру, қисындылығы мен реттілігін сақтау.	2	1	1		4
3.5	Пікірталас кейстерін құру: өз бетінше және шығармашылық ойлауды дамыту. Сабақтарда пайдалануға арналған кейстердің мысалдары. Сыни ойлауды дамытуға арналған кейстерді талдау және талқылау стратегиялары.	2	1		1	4
4-модуль: Рефлексстік ойлау: мұқият салмақтау, бағалау және таңдау.						
4.1	Рефлексия – ойлаудың ерекше түрі. Бұл жаңа ақпаратты иемденген ақпаратқа түрлендіру болып табылады. Өз білімін меңгеру.	2	1		1	4

4.2	Жаңа ақпаратты меңгерілген білімдермен және тәжірибемен салыстыру. Бағалаудың дәстүрлі және инновациялық әдістері.	2	1		1	4
4.3	Рефлексстік бағалау үшін критерийлерді пайдалану. Рефлексстік дамытудағы өрлеуді мониторингтеу. Өрлеуді мониторингтеу мен талдаудың әдістемелері.	2	1	1		4
4.4	Іс жүзінде пайдалану: тарих сабақтары үшін рефлексстік және сыни ойлауды бағалау жүйелерін әзірлеу.	2	1			3
4.5	Бағалау жүйесін әзірлеу және енгізу. Бағалау құралдарының мысалдары. Шет мемлекеттердің оқу орындарында қолданылатын бағалаудың заманауи әдістері.	2	1	1		4
5-модуль: Тәжірибемен алмасудан біліктіліктің өсуіне дейін.						
5.1	Сыни ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған. Оқу сабағын әзірлеу.	2	1		1	4
5.2	Сабақ кезеңдерін сыни ойлауды дамытуға баса назар аудара отырып құру.	2	1		1	4
5.3	Оқу жоспарларын бірлесіп әзірлеу және талқылау. Әзірленген оқу материалдарын презентациялау және талқылау. Оқу материалдары мен сабақтарын презентациялау.	2	1	1		4
5.4	Ұсынылған материалдарды жеке және топтық талқылау және сыни бағалау. Рефлексция және қатысушылардың арасында тәжірибе алмасу. Алынған тәжірибені және енгізу нәтижелерін талқылау.	2	1			3
5.5	Алынған білімдерін алдағы педагогикалық қызметінің барысында қолдану жоспарын әзірлеу.	2	1	1		4
		50	25	10	10	95
Қорытынды тестілеу						1
Курстан кейінгі қолдау						12
Барлығы: 108 академиялық сағат						108
<i>Ескертпе: 1 академиялық сағат - 50 минут</i>						

6. Оқу процесін ұйымдастыру

6.1 Біліктілікті арттыру курстары 108 сағатты құрайтын курстардың оқу-тақырыптың жоспарына сәйкес күндізгі оқу нысанында ұйымдастырылады, оның 75 сағаты - аудиториялық сағат, 20 сағаты - жобаны қорғау және мастер кластар, 1 сағаты - қорытынды тестілеу, 12 сағаты - курстан кейінгі қолдау болып табылады. Курс екі апта ішінде меңгеріледі.

6.2 Біліктілікті арттыру курсы аясында сабақтарды ұйымдастыру барысында оқытудың әртүрлі әдістері қолданылады: түсіндірмелі-иллюстрациялық, проблемалық баяндау әдісі, ішінара-іздену және зерттеу әдістері, белсенді оқыту әдістері, интерактивтік әдістер.

6.3 Біліктілікті арттыру курсына жүзеге асыру барысында сабақтар лекциялық және тәжірибелік сабақтар түрінде өткізіледі. Курста келесі лекциялар түрлері жоспарланады: кіріспе лекция, проблемалық лекция, ақпараттық лекция. Біліктілікті арттыру курсына тәжірибелік сабақтардың келесі түрлері жоспарланған: біліктер мен дағдыларды дамыту бойынша тәжірибелік сабақтар, қалыптасқан құзыреттіліктерді жетілдіру бойынша тәжірибелік сабақтар, интеграцияланған тәжірибелік сабақтар, мастер кластар.

6.4 Курстарды оқу барысында тәжірибеге бағдарлану қағидатын жүзеге асыру үшін тапсырмалардың әртүрлі түрлері қолданылады: кейс тапсырмалар, алгоритмдер құрастыру, дамытушылық және танымдық есептерді шешу, тәжірибелік тапсырмаларды шешу, жобаны орындау және т.б.

6.5 Кәсіби құзыреттіліктерді дамыту және жетілдіру мақсатында шағын топтарда жұмыс істеу, одан кейін талдау мен рефлексия, жұмыстың жеке формалары, жобаны жүзеге асыру және оны презентациялау қарастырылған.

6.6 Әрбір модуль бойынша мастер кластар және жобаларды қорғау түрінде тәжірибеге бағытталған сабақтар жоспарланған.

6.7 Қорытынды бақылау тестілеу түрінде өткізіледі.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

«Тарих сабақтарында сыни ойлауды дамыту технологиясы» біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасын іске асырудың дидактикалық тәсілі бағдарламаның негізгі аспектілерін қамтитын нақты құрылымдалған теориялық материалдан басталады:

- ✓ Модульдік құрылым.
- ✓ Өзектілігі және тәжірибелік бағыттылығы.
- ✓ Интерактивтік лекциялар мен тәжірибелік сабақтар.
- ✓ Тәжірибеге бағытталған тапсырмалар.
- ✓ Жобалау қызметі.
- ✓ Кейс -стадилер және рөлдік ойындар.

- ✓ Өзін-өзі бағалау критерийлері, рефлексия.
- ✓ Салыстырмалы талдау.
- ✓ Әріптестер мен студенттерден кері байланыс.

Бағдарламаны іске асырудың дидактикалық тәсілі тәжірибелік қолдану және өзін-өзі үнемі бағалау арқылы теориялық материалды терең меңгеру үшін жағдай жасауға бағытталған. Бұл педагогтердің кәсіби құзіреттілігін арттыруға ғана емес, сонымен қатар олардың жаңа білім мен дағдыларды оқу процесіне тиімді енгізе білуіне, студенттердің қазіргі заман талабына жоғары деңгейде дайындығын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

7.2 Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мыналарды қамтиды:

- 1) біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы;
- 2) лекция материалдары мен презентация материалдары;
- 3) лекциялар мен тәжірибелік сабақтарға арналған үлестірме материалдар;
- 4) кейс тапсырмалары, тәжірибелік тапсырмалар, дамытушылық және танымдық тапсырмалар және т.б.;
- 5) диагностикалық материалдар;
- 6) қорытынды бақылау материалдары.

Біліктілікті арттыру курсының теориялық материалына лекциялық материалдар, оқулықтар, нормативтік құқықтық актілер және әдістемелік нұсқаулар кіреді.

Курс мазмұнын тиімді меңгеру үшін студенттерге теориялық білімдерін бекітуге және тәжірибелік дағдыларды дамытуға бағытталған әртүрлі тапсырмалар ұсынылады. Тапсырмалар білім беру ұйымының спецификалық ерекшеліктеріне, күрделілік деңгейіне және бағдарлама бөлімдерінің өзгешелігіне бейімделген.

Өзін-өзі бағалау критерийлері оқытылатын тақырыптар аясында студенттерге білімдерін, дағдыларын және құзыреттіліктерін талдауға және бағалауға мүмкіндік береді. Өзін-өзі бағалау тыңдаушының үлгерім деңгейін анықтауға және оларды жою мақсатында күрделі аймақтарды анықтауға бағытталған.

Дидактикалық тәсілді және кешенді оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді қолдану студенттерге бағдарламаны тиімді және сапалы меңгеруге, құзыреттіліктерді дамытуға және алған білімдері мен дағдыларын іс жүзінде қолдануға мүмкіндік береді.

Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету бағдарлама тарауларын теориядан бастап тәжірибеге дейін жүйелі түрде зерделеуді қамтамасыз етеді. Бағдарламаны меңгеруде әдістемелік қолдау және оқытушылардың кеңестері маңызды рөл атқарады. Кеңес беру және әдістемелік қолдау курсқа қатысушыларға материалды меңгеруге көмектесуге, студенттердің курсты түсінуіндегі олқылықтарды жоюға, бағдарламаны меңгеру және тапсырмаларды орындау барысында кері байланыс орнатуға бағытталған.

8. Оқыту нәтижелерін бағалау

8.1 Тыңдаушылардың дағдыларын қалыптастыру және олардың білімдерін бағалауды бақылау мақсатында мыналар жүргізіледі: экспресс сауалнамалар, өз бетінше жұмыс, қорытынды бақылау жұмыстары. Өз бетінше және бақылау жұмыстарына арналған тапсырмалар, кері байланысқа арналған сауалнама парақтары, тест тапсырмалары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі – ОӘК) енгізілген.

8.2 Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін, Бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау мақсатында профессорлық-оқытушылық құрам кері байланысты іске асыру мақсатымен Бағдарламаның әр тақырыбының шеңберінде бақылау тапсырмаларын (өз бетінше жұмыстар, сауалнама парақтары және т.б.) және қорытынды бақылау жұмысын әзірлейді. Алынған кері байланыс негізінде лекциялар мен тәжірибелік сабақтардың мазмұнына түзетулер енгізіледі, қосымша материал таңдалады (құжаттама үлгілері, әдебиеттер тізімі, дидактикалық материалдар тізімі, бейнематериалдар және т.б.), Бағдарламаның мазмұнына қосымша түсініктеме беріледі.

8.3 Қорытынды бақылау жұмысын орындау келесі критерийлер бойынша бағаланады: орындалмаған (дұрыс жауаптар көрсетілмеген), жартылай орындалған (дұрыс жауаптары 50%-дан аз), орташадан жоғары орындалған (дұрыс жауаптары 50%-дан 70%-ға дейін), толық орындалған (дұрыс жауаптары 70-100%). Қорытынды тестілеуден өту және біліктілікті арттыру курсы аяқтау үшін кемінде 70% дұрыс жауап жинау керек. Қорытынды бақылау жұмысының нәтижелері бойынша курстан кейінгі қолдау кезеңінде кеңес берудің мазмұны жоспарланады.

8.4 Педагогтердің қызметі бақылау және тест тапсырмаларын орындау нәтижелері бойынша, сондай-ақ курс барысындағы белсенділіктері мен тәжірибелік жұмыстарға қатысуы бойынша бағаланады. Педагогтың біліктілігін арттыру процесінің нәтижелілігі мен тиімділігінің критерийі білім алушының оқу курсы кезіндегі және курстардан кейінгі кезеңдегі кәсіби қызметі болып табылады.

8.5 Курсты тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау үшін атқаратын функцияларына қарай бақылаудың төрт түрі қолданылады: алдын ала, ағымдағы, мерзімді және қорытынды.

8.6 Ағымдағы, мерзімдік және қорытынды бақылау нәтижелерін бағалау 3-кестеге сәйкес білім алушылардың жетістіктерін бағалаудың балдық - рейтингтік жүйесінде жүзеге асырылады.

3-кесте. Тыңдаушылардың оқудағы жетістіктерін оларды дәстүрлі бағалаулар шкаласына ауыстыру арқылы есепке алуды бағалау жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Цифрлық эквивалент	Балл (%-дық қамту)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
<i>A</i>	<i>4</i>	<i>95-100</i>	<i>Өте жақсы</i>
<i>A-</i>	<i>3.67</i>	<i>90-94</i>	

<i>B+</i>	3.33	85-89	<i>Жақсы</i>
<i>B</i>	3	80-84	
<i>B-</i>	2.67	75-79	
<i>C+</i>	2.33	70-74	
<i>C</i>	2	65-69	<i>Қанағаттанарлық</i>
<i>C-</i>	1.67	60-64	
<i>D+</i>	1.33	55-59	
<i>D</i>	1	50-54	
<i>FX</i>	0,5	25-49	<i>Қанағаттанарлықсыз</i>
<i>F</i>	0	0-24	

Педагогтердің қызметін бағалау бақылау және тест тапсырмаларын орындау, жобаларды қорғау, сондай-ақ тәжірибелік жұмысқа қатысу нәтижелері бойынша 4-кестеде көрсетілген келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылады.

4-кесте. Бағалау критерийлері

<i>Бағалау критерийлері</i>	<i>Дәстүрлі бағалау</i>	<i>Балмен бағалау</i>	<i>Бағалау параметрлері</i>
Іске асырылмаған	«Қанағаттанарлықсыз»	0 - 49 балл	<ul style="list-style-type: none"> - жұмыстың мазмұны мәлімделген тақырыпқа сай келмейді; - шығарма мәтіні ұқыпсыз, айырғысыз рәсімделген, өрескел стилистикалық және грамматикалық қателері бар; - бір немесе бірнеше дереккөздерден алынған мәтін үзінділері бейқам көшіріп алынған, әдебиеттер пайдаланылмаған; - қорытындылар жоқ немесе бөлімнің мазмұнына сай келмейді; - жұмыс талапқа сай рәсімделмеген.
ішінара іске асырылды	«Қанағаттанарлық»	50 - 69 балл	<ul style="list-style-type: none"> - жұмыс мазмұны тақырыпқа ішінара сай келеді; - жұмыс негізінен дұрыс рәсімделген, айтарлықтай стилистикалық және грамматикалық қателері бар; - жұмысты рәсімдеуде ұқыпсыздық байқалады: шеттері жоқ, беттер нөмірленбеген. мәтіндегі түзетулер жасалған, титул парағы дұрыс рәсімделмеген; - жұмысты орындау үшін

			<p>үнемі көмек қажет болды, әдебиеттер ішінара пайдаланылды,</p> <ul style="list-style-type: none"> - қорытындылар жұмыстың барлық бөлімдері бойынша жасалмаған немесе бөлімнің мазмұнына ішінара сәйкес келмейді немесе берілген мәліметтерге негізделген қорытындылары жоқ, - мазмұны, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, суреттердің қолтаңбалары, кесте атаулары жоқ
<p>түзетулерді ескере отырып, орташадан жоғары іске асырылды</p>	<p>«Жақсы»</p>	<p>70 - 89 балл</p>	<ul style="list-style-type: none"> - жұмыстың мазмұны негізінен тақырыпқа сай келеді немесе оның көлемі тым үлкейтіп жіберілген; - шығарма негізінен дұрыс рәсімделген, аздаған стилистикалық және грамматикалық қателері бар; - жұмыс негізінен өз бетінше орындалды, әдебиеттер пайдаланылды, - қорытындылар негізінен бөлім мазмұнына сай келеді - жұмыс негізінен дұрыс рәсімделген, талаптардан кейбір ауытқулары бар,
<p>толығымен іске асырылды</p>	<p>«Өте жақсы»</p>	<p>90 - 100 балл</p>	<ul style="list-style-type: none"> - тақырыптың мазмұны толық ашылды, және жұмыс таңдалған тақырыпқа сай келеді; - жұмыс дұрыс рәсімделген, болмашы стилистикалық қателер бар; - жұмыстың тәжірибелік бөлімі өз бетінше орындалды, барлық таңдалған әдебиеттер талданып, жұмыста пайдаланылды; әрбір бөлім бойынша негізделген қорытындылар бар

8.7 Ағымдағы және қорытынды бағалау тапсырмалары 100 балдық шкала бойынша бағаланады.

8.8 Тыңдаушылардың ағымдағы үлгерімі ағымдағы бақылау мен мерзімдік бақылауды бағалаудан құралады және мына формула бойынша есептеледі:

$$TU = \frac{(TK1+TK2+TKn)}{n}, \text{ мұндағы}$$

TU – ағымдағы үлгерім,

ТС – ағымдағы бақылау,

n – ағымдағы бақылаулардың саны.

8.9 Ағымдағы үлгерім бойынша 50-ден аз балл жинаған студент қорытынды бақылауға жіберілмейді.

8.10 Біліктілікті арттыру курсының қорытынды бағалауы ағымдағы оқу үлгерімін бағалауды және қорытынды бағалауды қамтиды. Қорытынды бағалаудағы ағымдағы үлгерімінің үлесі 60%, қорытынды бақылау (қорытынды тестілеу) үлесі 40% құрайды. Қорытынды бағалау мына формула бойынша есептеледі: ҚБ = 0,6 * АБ + 0,4 * ҚБақ, мұндағы ҚБ - қорытынды бағалау, АБ - ағымдағы үлгерімді бағалау, ҚБақ - қорытынды бақылау балдары.

8.7 Біліктілікті арттыру курсының нәтижелері бойынша сертификат курс бойынша қорытынды бағасы 55 балдан төмен емес тыңдаушыларға беріледі.

8.8 Курс бойынша қорытынды бағасы 55 балдан төмен, бірақ ағымдағы үлгерім бойынша кемінде 50 балл жинаған тыңдаушының қорытынды бақылаудан бір рет қайта өтуге мүмкіндігі бар.

8.9 Қорытынды аттестаттау тестілеу түрінде өтеді. Сұрақтардың жалпы саны – 20.

9. Курстан кейінгі қолдау

9.1 Курстан кейінгі қолдау «Тарих сабақтарында сыни ойлауды дамыту технологиясы» біліктілікті арттыру бағдарламасының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және білім алушылардың курстан кейінгі қызметін үздіксіз мониторингтеу және әдістемелік, кеңес берушілік көмек көрсету арқылы олардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мен дамытуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесі болып табылады.

Курстан кейінгі қолдаудың мақсаты – алған білімдері мен дағдыларын кәсіби қызметте табысты енгізуді қамтамасыз ету және педагогтердің үздіксіз кәсіби өсуіне ықпал ету.

9.3. Қолдау форматына мыналар жатады:

✓ Қатынасу және тәжірибе алмасуға арналған онлайн платформа: Қолдаудың жетекші формасы – педагогтер тәжірибе алмаса алатын, кеңес ала алатын және өз жұмысының нәтижелерімен бөлісе алатын мамандандырылған онлайн-платформаны немесе форумды пайдалану болып табылады. Бұл курс аяқталғаннан кейін де белсенді кәсіби қауымдастықты сақтауға мүмкіндік береді.

✓ Тұрақты вебинарлар және онлайн-семинарлар: сарапшылар мен курс оқытушыларының қатысуымен тұрақты вебинарлар өткізіліп, онда білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелер талқыланады. Бұл педагогтерге кәсіби дайындықтың жоғары деңгейін сақтауға көмектеседі.

✓ Қашықтықтан кеңес беру: Курсқа қатысушылар оқытушылар мен сарапшылардан жеке консультациялар ала алады, бұл оларға туындаған мәселелерді тез шешуге және педагогикалық тәжірибесін түзетуге мүмкіндік береді.

9.4 Курстан кейінгі қолдаудың формалары:

✓ Жеке қолдау (тәлімгерлік): Тәжірибелі тәлімгер-педагогтер курстан өткен әріптестеріне қолдау көрсетіп, оқу процесіне жаңа тәсілдер мен әдістерді интеграциялауға көмектеседі. Тәлімгерлік жаңа білімді іс жүзінде қолдануда қиындықтарға тап болатын жас мамандар немесе педагогтер үшін әсіресе маңызды.

✓ Топтық қолдау (мастер-кластар, шығармашылық семинарлар):

Жүйелі мастер-кластар ұйымдастырылады, ол жерде педагогтер өздерінің табысты тәжірибелерімен бөліседі, жаңа әдістер мен технологияларын көрсетеді, тәжірибеден алынған нақты жағдайлар мен сценарийлерді талқылайды.

Топтар бірлескен жобалармен жұмыс істеу үшін құрылады. Бұл бірлескен шығармашылықты және тәжірибе алмасуды ынталандырады.

✓ Кәсіби қоғамдастықтар (кәсіби қауымдастықтар, әлеуметтік желілердегі топтар):

Педагогтерді кәсіби қоғамдастықтарға немесе одақтарға кіргізу ресурстарға, оқиғаларға және желілік мүмкіндіктерге қол жеткізуге рұқсат алуға мүмкіндік береді, соның арқасында әрі қарай кәсіби дамуға жағдай жасалады.

Әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде педагогтер жаңалықтарымен, идеяларымен, материалдарымен алмаса алатын және жедел қолдау ала алатын топтар құрылады.

9.5 Курстан кейінгі қолдау әдістері

✓ Кейстер әдісі: Педагогтер өз тәжірибесінен алынған нақты кейстерді форумдарда, топтарда немесе вебинарларда жүйелі түрде талдайды және талқылайды. Бұл әдіс теорияны практикамен ұштастыруға және алынған білімді нақты білім беру жағдайларына бейімдеуге көмектеседі.

✓ Рефлексия және өзін-өзі бағалау: Педагогтер өз жетістіктерін жүйелі түрде өздері бағалап тұрады, жаһандық құзыреттіліктерді енгізудің табыстылығы туралы рефлексия жасайды, бұл олардың педагогикалық тәжірибесін түзетуге және жетілдіруге мүмкіндік береді.

✓ Peer-review (өзара рецензиялау): Педагогтер өз әзірлемелерімен, жобаларымен алмасады және әріптестерінен кері байланыс алады. Бұл әдіс оқу материалдарының сапасын жақсартуға көмектеседі және сыни ойлауды дамытуға ынталандырады.

- ✓ Жобалар әдісі: Педагогтер курс аясында бастаған ұзақ мерзімді жобаларымен жұмысын жалғастырады. Бұл жобалар жаңа оқу бағдарламаларын әзірлеуді, зерттеулер жүргізуді немесе инновациялық әдістерді енгізуді қамтуы мүмкін. Жобалар кәсіби қоғамдастықта үнемі талқыланып, түзетіліп тұрады.
- ✓ Қашықтықтан тестілеу және мониторингтеу: жетістіктерді бағалау және құзыреттердің жоғары деңгейін сақтап тұру үшін тұрақты қашықтықтан тестілеу және кәсіби қызметті мониторингтеу жүргізіледі. Бұл оқу нәтижелерін қадағалауға және кәсіби дамудағы келесі қадамдарды тәртіпке келтіруге мүмкіндік береді.

Курстан кейінгі қолдау педагогтерге олардың жаңа білім мен дағдыларын кәсіби қызметіне енгізуі барысында қолдау көрсетуге бағытталған. Жеке кеңес берулерден, топтық жұмыс формаларынан, кәсіби қоғамдастықтардан және әртүрлі қолдау әдістерінен құралатын кешенді тәсіл материалды терең меңгеруге және оны іс жүзінде тиімді қолдануға ықпал етеді.

10. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319–III Заңы.
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.
4. Қазақстан Республикасы Ағарту министрінің 2022 жылғы 21 қарашадағы «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» № 399 бұйрығына өзгертулер енгізу туралы.
5. 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары.
6. Кабульдинов З.Е. Народ Казахстана: История и современность. Оқу құралы - Алматы: «Арман - ПВ», 2007. - 150
7. Акимбеков С.М. Краткая история казахов. – Алматы: Азиялық зерттеулер институты, 2023. - 450
8. История степей. Феномен государства Чингисхана в истории Евразии. Алматы: Азиялық зерттеулер институты, 2021. – 678
9. Тынышпаев М. История казахского народа. Amalbooks. 2023. – 363

10. Бекбаева М.: Жошы хан/Jochi khan. История Казахстана и Средней Азии: «Арман - ПВ», 2024. – 128
11. Наурзбаева З.: Вечное небо казахов. История Казахстана и Средней Азии. OTUKEN, 2020. – 720
12. Лайас Г.: Великий исход казахов. Amalbooks. 2018
13. Ахметов Н. Казахстан. Полная история страны. История на пальцах. Баспа: АСТ, 2024. – 336
14. Акимбеков С.М. Казахи между революцией и голодом. Баспа: Азиялық зерттеулер институты, 2024.
15. Утюшева Л.Д. История, культура и традиции казахского народа. Баспа: Ridero, 2020. - 300
16. Г.В. Кан. История Казахстана. Учебник для ВУЗов. Алматыкітап, 2013. – 304
- 17.И. Есенберлин. Алтын Орда. Баспа: «Мазмұндама» қоғамдық қоры, 2024. 3 том
- 18.Осколков В.С. История Казахстана. Хрестоматия. С древнего периода до XV века. Баспа: LEM, 2022. – 256
- 19.Келимбетов Н. Древние литературные памятники тюркских народов. Баспа: Раритет. 2013. – 424
- 20.Темиргалиев Р. История казахских племён. Баспа: Жигалма. 2023. - 696

Қосымша әдебиеттер:

1. Барбара Маккиннон, Эндрю Фиала. Этика: Теория и современные вопросы. ISBN-10: 1305958675, ISBN-13: 978-1305958678 Баспа: Cengage Learning. 2018 г., 640 бет.
2. Нуржанова А.Т., «Формирование коммуникативных умений в контексте уровневых программ курсов повышения квалификаций педагогов» АОО НИШ ЦПМ, Астана, 2015.
3. Грудупс К. Я. Развитие критического мышления с использованием различных стратегий//Методист организаций образования. 2018. №7. -25с
4. Инструктивно-методическое письмо «Об особенностях учебно-воспитательного процесса в организациях среднего образования Республики Казахстан в 2023-2024 учебном году». – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ЖЕАҚ, 2023. – 112 с.
5. Возрастные особенности учащихся 5-6 класса. Пахомова Т.П. Архангельск. 2017 г.
6. Дидактическая игра – как средство развития познавательного интереса учащихся на уроках истории древнего мира. Ермагамбетова Г.А. Орынбор. 2013 ж.
7. Дидактическая игра на уроках истории. Медведева Т.В. Саратов. 2015 ж.

8. Игры и занимательные задания по истории. Субботина М.А. Мәскеу. «Дрофа». 2003.
9. Использование дидактических игр на уроках обществознания в 5-х классах. Кадралиева М.А. Жас ғалым. 2014 г. № 14.
10. История Казахстана: преподавание в школах и ВУЗах. Республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал. Наурыз. 3 (100) 2010. «Тарих сабақтарындағы оқыту ойындарының түрлері» мақаласы. Нугыманова М.К. С. 13.
11. Развитие речи учащихся на уроках истории и обществознания. Миронова Г.Н. Иркутск. 2013 г.
12. С. Сейфуллиннің 125-жылдығына орайластырылған «Сейфуллин оқулары – 15: Жастар, ғылым, технология – жаңа идеялар мен перспективалар» халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары. - 2019. - Т.І, Б.2 - С.92-94